

Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 51 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 наурызда № 13549 болып тіркелді.

"Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 27) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 03.09.2021 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін бес күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

B. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Иsekешев

11 ақпан 2016 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

18 ақпан 2016 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

27 ақпан 2016 жыл

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2016 жылғы 9 ақпандагы

№ 51 бұйрығымен бекітілген

Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 27) тармақшасына

сәйкес өзірленді және көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тaraу. Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту тәртібі

2. Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе занды тұлға (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүгінеді және осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту", сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинеті" арқылы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне орындауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған кезде, Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде, Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Ұсынылған құжаттар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту туралы немесе осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы шешім дайындайды не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес Көрсетілетін қызметті беруші Көрсетілетін қызметті алушыға көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту немесе сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы Көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындысын және тыңдау нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту туралы немесе сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы;

2) көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту немесе сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданудан бас тарту туралы.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту туралы шешімі 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімде қолданылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің сертификаттар-рұқсаттардың күшін қолдану туралы шешімі сертификат-рұқсаттың түпнұсқасында көрсетілген мерзімде қолданылады.

7. Алып тасталды - КР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сэттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары түрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым кімнің шешіміне, әрекеттіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған Көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешімі, әрекеттіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған Көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын шешім қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім қабылданған кезде шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған Көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңынq 25-бабының 2-тармағына сәйкес Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңынq 25-бабының 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескеरту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 03.09.2021 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңынq 4-бабы 6) тармақшасына сәйкес сотқа шағымданады.

Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкцияларын бекіту
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкцияларын бекіту
қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкцияларын бекіту
қағидаларына
3-қосымша

"Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің үәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға

"сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жана редакцияда – КР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	20 (жырма) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту немесе басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы Көрсетілетін қызметті берушінің бұйрығы, не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графикіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
		1) көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту үшін: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-косымшага сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) В (U) типті, С типті көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын және уран гексафторидін бекіту үшін мынадай құжаттардың электрондық көшірмесі: физикалық және химиялық құрамы және сәулелену сипаты көрсетілген болжамды радиоактивті құрамның толық сипаттамасы; инженерлік-техникалық құжаттаманың (сызбалардың) толық жинағын, пайдаланылатын материалдардың тізбесін және дайындау әдістерін коса алғанда, көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясының толық сипаттамасы; жүргілген сынақтар және олардың нәтижелері туралы акт; көліктік қаптама комплектілерін пайдалану және оны пайдаланған уақытта қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтар; егер көліктік қаптама комплектілерінің 100 килоПаскальға тең манометрлік қысымнан асып түсетін максималды қалыпты жұмыс қысымына есептелген болса, коргауыш қабықша жүйесінің конструкциялық материалдарының, іріктеуге жоспарланған сынамалардың және

8.

Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

ұсынылатын сынектардың толық сипаттамасы; егер болжамды радиоактивті күрам сөулеленген отын болса, онда қауіпсіздікті талдау кезінде жасалған отынның сипаттамасына катысты кез келген жорамалдың негізdemесі және шығарған елдің талаптарына сәйкес талап етілетін тасымал алдындағы кез келген өлшеулердің сипаттамасы; көліктің әралуан түрлерін және тасымалдайтын құралдың немесе жүк контейнерінің типін пайдалануды ескере отырып, көліктік қантама комплектілерден жылуды қауіпсіз бұрып әкету үшін қажет салудың кез келген арнайы шарттарының сипаттамасы; көліктік қантама комплектілерінің құрастыруын сипаттайтын, өлшемі 21x30 сантиметрден артық емес қалпына келтіру үшін жарамды графикалық бейне;

3) В (М) типті көліктік қантама комплектілерінің конструкциясын бекіту үшін осы тармақтың 2) тармақшасында талап етілетін мәліметтерден бөлек:

тасымалдау кезінде қолданылуға жататын, қантаманың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін немесе кемшіліктердің орнын толтыру үшін талап етілетін пайдалануды бақылаудың ұсынылған кез келген қосымша шаралары туралы мәліметтерді;

көлік түріне катысты кез келген шектеулер туралы және жүк тиедің, тасымалдаудың, тұсірудің немесе өндеудің кез келген арнайы рәсімдері туралы мәліметтерді;

тасымалдау кезінде күтілетін және конструкцияда ескерілген сыртқы орта жағдайлары (температура, күн инсоляциясы) ауқымының өзіндік ерекшелігін ұсыну қажет;

4) басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында көліктік қантама комплектілерінің конструкциясына

	<p>сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану үшін:</p> <p>осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;;</p> <p>басқа елдің уәкілетті органы бекіткен көліктік қантама комплектілерінің конструкциясына сертификат-рұқсаттың есепке алынған көшірмесі;</p> <p>көліктік қантама комплектілерінің тасымалдау кезіндегі радиациялық корғау бағдарламасының егжей-тегжейлі сипаттамасы ұсынылады.</p>
9.	<p>1) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 51 бұйрығы мен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13549 болып тіркелген) бекітілген Көліктік қантама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде Көрсетілетін қызметті</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер</p>

	<p>алушы Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арналы құқығынан айырылады.</p> <p>5) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
10.	<p>Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер</p> <p>1) мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының www.gov.kz бірынғай платформасының "Энергетика министрлігі" деген бөліміндегі "Көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімінде; Порталда орналасқан;</p> <p>2) Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>3) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірынғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>4) Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді;</p> <p>5) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары мемлекеттік органдардың www.gov.kz интернет-ресурстарының бірынғай платформасының "Энергетика министрлігі" деген бөліміндегі "Көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімінде көрсетілген.</p>

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу
мәселелері жөніндегі бірыңғай
байланыс орталығы: 1414, 8-800-
080-7777.

Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкциясын бекіту, сондай-
ак басқа елдердің уәкілетті
органдары бекіткен
Қазақстан Республикасының
аумағында оларға
сертификаттар-рұқсаттар қүшін
қолдану" мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
1-қосымша

Нысан

Кімге _____
(Көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

(бизнес сәйкестендіру номірі)
Кімнен _____

(жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда)/
занды тұлғаның атауы)

Өтінім

Сізден _____ (толық атауы) көліктік қаптама комплектілерінің
конструкциясын бекітуді сұраймын.

Жеке тұлғаның/занды тұлғаның мекенжайы

Телефон, факс, электрондық пошта

Осы өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. _____
2. _____
3. _____

Осы өтінішпен 3 (үш) жыл мерзімге мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі

талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген жинақталатын деректер тізбесімен
ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және жеке деректерді жинауға және
өндеуге, сондай-ақ рұқсаты шектеулі жеке деректерге қол жеткізуге келісім беремін

Толтырылған күні 20__ жылғы "___"

Көліктік қаптама

комплектілерінің
конструкциясын бекіту, сондай-
ақ басқа елдердің уәкілетті
органдары бекіткен
Қазақстан Республикасының
аумағында оларға
сертификаттар-рұқсаттар күшін
қолдану" мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
2-қосымша
Нысан

Кімге _____
(Көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

(бизнес сәйкестендіру номірі)
Кімнен _____
(жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда)/
занды тұлғаны атауы)

Отінім

Сізден 20__ жылғы "__" ____ дейінгі мерзімге _____
(толық атауы) көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын _____

(сертификат-рұқсатты берген орган көрсетіледі)

Қазақстан Республикасының аумағында сертификат-рұқсаттың күшін қолдануға
рұқсат беруді сұраймын.

Жеке тұлғаның/занды тұлғаның мекенжайы

Телефон, факс, электрондық пошта

Осы өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. _____
2. _____
3. _____

Осы өтінішпен 3 (үш) жыл мерзімге мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі

талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген жинақталатын деректер тізбесімен
ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және жеке деректерді жинауға және
өндеуге, сондай-ақ рұқсаты шектеулі жеке деректерге қол жеткізуге келісім беремін

Толтырылған күні 20__ жылғы "__" _____

Көліктік қаптама

комплектілерінің
конструкцияларын
бекіту қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. Қағида 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 03.09.2021 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс құнтізбелік құн откен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.





Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкцияларын бекіту
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

[МО атауы (мемлекеттік тілде)] МО реквизиттері мемлекеттік тілде		[МО атауы (орыс тілінде)] МО реквизиттері орыс тілінде
---	--	--

Өтінімді одан әрі қараудан/мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту

Немірі: [РК номірі] Берілген күні: [РК берілген күні] [Көрсетілетін қызметті алушының атауы]
[МО атауы], Сіздің [Өтінім берген күн] № [Өтінім номірі], өтініміңді қарап, _____
хабарлайды. [Бас тарту себебі]

[Кол қоюшының лауазымы] [Кол қоюшының тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкцияларын бекіту
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

--	--	--

[МО атавы (мемлекеттік тілде)]
МО реквизиттері мемлекеттік
тілде



[МО атавы (орыс тілінде)] МО
реквизиттері орыс тілінде

БҮЙРЫҚ ПРИКАЗ

№ _____ от "___" 201__ года





Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту туралы

[Бүйрық мәтіні қазақ тілінде]

[Кол қоюшының лауазымы]

[Кол қоюшының тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкцияларын бекіту
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 09.01.2023 № 4
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

[МО атавы (мемлекеттік тілде)]
МО реквизиттері мемлекеттік
тілде



[МО атавы (орыс тілінде)] МО
реквизиттері орыс тілінде

БҮЙРЫҚ ПРИКАЗ

№ ___ от "___" 201__ года

Астана қаласы город Астана

Басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен сертификаттар-рұқсаттар күшін Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуын тарату туралы

"Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 27) тармақшасына сәйкес ядролық материалдарды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1.	Көліктік қаптама комплектінің аббревиатуrasesы, күзырлы органның тану белгісі, радиоактивті ішіндегісі	Сертификат-руқсаттың қолданылу мерзімі
----	--	--

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Негіздеме: _____

[Кол қоюшының лауазымы]	[Кол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равносителен документу на бумажном носителе.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК